

Жарма ауданының Терістаңбалы ауылдық округінің "Терістаңбалы" ауылына шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағына ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 шілдедегі N 178 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 03 тамызда N 2629 тіркелді. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 26 шілдедегі N 37

Ескерту. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 26.07.2013 N 37.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағы 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабы 2 тармағының

9) тармақшасына сәйкес, Жарма ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2012 жылғы 13 шілдедегі N 383 ұсынысы негізінде, Жарма ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарма ауданының Терістаңбалы ауылдық округінің «Терістаңбалы» ауылында ірі қара малдар арасында сарып ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағына ветеринариялық режимі **б е л г і л е н с і н .**

2. «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Жарма аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің бастығының міндетін атқарушы (Д. Данабаев), сонымен қатар «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Жарма ауданы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесі бастығы (Г. Кулжанбекова), мүдделі жеке және заңды тұлғалармен орындауға міндетті ветеринарлық іс-шараларды ұйымдастыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен **с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .**

Ж а р м а а у д а н ы

Н. Шалтабанов

«Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы Министрлігі
ветеринариялық бақылау және қадағалау
комитеті Жарма аудандық
аумақтық инспекциясы»
мемлекеттік мекемесінің бастығының

Д. Данабаев

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
Министрлігінің мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау комитетінің
Қазақстан облысы бойынша департаментінің
Жарма ауданы бойынша басқармасы»

Г. Кулжанбекова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК